

Ақпан айында Ақтөбе қалалық білім бөліміне 2022-2023 оқу жылына қажетті оқулықтарға сұраныс берілді.

Іс номенклатурасы бойынша әдебиетке жазылуды рәсімдеу және есепке алу туралы құжаттар жаңартылды. Оқырмандар формулярларымен жұмыс жүргізілуде. Оқу қорының инвентаризациясы тексерілді.

2022 жылдың 11 наурыз күні А.С.Пушкин атындағы қалалық кітапханаға 11 «А», 11 «Б» класс оқушылары саяхат жасады. Кітапхана меңгерушісі Сарсенбаева В.Н кітаптан қажетті ақпаратты іздеп табуға болатынын және ақындар туралы қызықты әңгімелер айтып берді. Оқушыларға ақын А.Құнанбаевтың, А.Байтұрсыновтың т.б. шығармаларын оқуға кеңес берді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынып, оқушылардың әдеби шығармаға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды. Аталған жобаның басты мақсаты оқырмандардың құзіреттілігін дамытып, көркем шығармаларды жаңғыртуға арналады. Жоба барысында мектеп кітапханасы көркем әдебиетпен толықтырылды. Көркем әдебиет оқып оқушылар, бір біріне кітап оқуға кеңес берді.